**КГУ«Қоғамдық келісім» аппарата акима города Алматы**

# ДАЙДЖЕСТ

по освещению в средствах массовой информации

# «20 ДОБРЫХ ДЕЛ»

**АЛМАТЫ 2015**

| СМИ | Количество материалов |
| --- | --- |
| **Печатные СМИ** | |
| Егемен Қазақстан | 1 |
| Алматы ақшамы | 1 |
| Вечерний Алматы | 1 |
| **Интернет-ресурсы** | |
| bnews.kz | 2 |
| Kazinform.kz | 2 |
| **ОБЩИЙ ИТОГ** | 7 |

# ПЕЧАТНЫЕ СМИ

http://almaty-akshamy.kz/?p=36946

## «ТАЙҚАЗАН» ЖАМБЫЛ ТОПЫРАҒЫНА ЖОЛ ТАРТТЫ

АҚШАМ-АҚПАРАТ / 02.03.2015, 20:23 / 97 РЕТ ОҚЫЛДЫ  Ардақ НҰРҒАЗЫҰЛЫ

1995 жылы 1 наурызда Қазақстан Респуб¬ликасының Президенті Н.Назарбаев Қазақстан халқы Ассамблеясын құру туралы Жарлыққа қол қойған еді. Сол күннен бастап қоғамдағы бей¬бітшілік пен келісімді сақтауға арналып құрылған Ассамблея түрлі сынақтарға қарамастан, өзінің өміршең идея екендігін айқындап, қоғам үшін жан-жақты әрі тиімді жұмыс істеп келеді.

Үстіміздегі жылы Қазақстан халқы Ассамблеясының құрылғанына 20 жыл толып отыр. 2015 жыл «Ассамблея жылы» болып белгіленген. Аталған мерекеге орай бүгінде ел көлемінде «Қазақстан халқы Ассамблеясы — 20 игі іс» атты республикалық акция ұйымдастырылу үстінде. Осы акцияның аясында Қазақстан халқының бірлігі мен келісімнің  көрінісі — Ассамблеяның символы ретінде «Тайқазан» таңдалып алынған еді. Ақпан айының 4-і күні Тараз қаласынан Астана қаласына жол тартқан «Тайқазан» жыл бойына жалғасатын ел аралау сапарының барысында Алматы қаласына атбасын тіреген болатын. «Достық» Үйінде «Тайқазанның» сапарын ары жалғап Алматы қаласынан Жамбыл облысына салтанатты түрде табыстау іс-шарасы өтті.

Игілікті істер эстафетасының символы — қасиетті «Тайқазанды» Алматы қаласы Ішкі саясат басқарма¬сының басшысы Санжар Боқаев пен Қазақстан халқы Ассамблеясының секретариат басшысы Маргарита Әбдуәлиева жұрт алдында қос қолдап көтеріп, Жам¬был облысының өкілі — Жамбыл облысы әкімінің орынбасары Тимур Жанкенің қолына табыс етті.

Салтанатты шараға Алматы қаласы мәслихатының депутаттары, «Нұр Отан» партиясы қалалық филиалының өкілдері, республикалық және қалалық

этномәдени бірлестіктерінің өкілдері, Ұлы Отан соғысының ардагерлері, Алматы қаласының ҚХА ғылыми-сарапшылық тобы, аудандардың Қоғамдық келісім кеңестері, Алматы қаласының ҚХА жанындағы Аналар кеңесі, жастар ұйымдары, қала тұрғындары, студенттер қатысып, шығармашылық ұжымдар өз өнерлерін ортаға салды.

Мерекелік шара барысында «Қазақстан халқы Ассамблеясы — 20 игі іс» негізінде театрландырылған көріністер қойылып, тақырыптық фото-бейне қатарлары, этникалық мәдени қолөнер көрмесі, концерттік бағдарлама ұйымдастырылды. Сонымен қатар, ҰОС ардагерлеріне, ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларға, көп балалы, жағдайы төмен және басқа да әлеуметтік қорғалмаған отбасыларға  және т.б. сыйлықтар  берілді.

Вечерний Алматы

*АЛМАТЫ ПЕРЕДАСТ ТАЙКАЗАН - СИМВОЛ РЕСПУБЛИКАНСКОЙ ЭСТАФЕТЫ «АНК -20 ДОБРЫХ ДЕЛ» ЖАМБЫЛСКОЙ ОБЛАСТИ*

**http://vecher.kz/node/34969**



**В Алматы 1 марта пройдет торжественная передача Тайказана - символа республиканской акции «Ассамблея народа Казахстана - 20 добрых дел» Жамбылской области, сообщает МИА КазИнформ.**

«Тайказан» - символ единства и благополучия народа. Мероприятие посвящено 20-летию образования АНК.

Цель акции - проведение социально-значимых проектов и благотворительных мероприятий, посвященных 20-летию АНК. В программе торжественного мероприятия - театрализованное представление «20 добрых дел», книжно-иллюстративная экспозиция, тематический фото-видеоряд, выставка ремесел этнических культур, концерт, а также вручение подарков ветеранам Великой Отечественной войны, детям, оставшимся без попечения родителей, из многодетных, малообеспеченных и других социально незащищенных семей.

В мероприятии примут участие депутаты Мажилиса Парламента РК и маслихата Алматы, представители городского филиала партии «Нур Отан», этнокультурных объединений, ветераны войны и труда, научно-экспертная группа АНК г.Алматы, Советы общественного согласия районов, Клуб журналистов, Советы матерей при АНК г.Алматы, молодежные организации, жители города, студенты, представители СМИ.

Как известно, 1 марта 1995 года Президент РК Н.Назарбаев подписал Указ об образовании Ассамблеи народа Казахстана - уникального института, призванного сохранять мир и согласие в обществе. Сегодня это - надежный, прочный фундамент стабильности и общественного согласия. Модель межэтнической толерантности и общественного согласия стала «визитной карточкой» Казахстана, сообщает АНК г.Алматы.

http://egemen.kz/2015/03/03/51450

**«Тайқазан» Әулиеата жеріне жол тартты**

03.03.2015 0 34 рет оқылды

Алматы қаласынан «Қазақстан халқы Ассамблеясы – 20 игі іс» патриоттық акциясының символы болған киелі Тайқазан салтанатты түрде Жамбыл облысына жол тартты. Елімізді мекен еткен бірнеше ұлт пен ұлыс өкілдерінің татулығы мен тұрақтылығының символы, қазақ халқының әлемдегі бейбіт те берекелі өмірге қосқан үлесінің тұмары іспетті қасиетті Тайқазанның кішірейтілген нұсқасы Қазақстанның ірі қалалары мен облыс орталықтарына аялдап, игілікті істерді насихаттап жүр. Сол игі акцияның аясында «Қазақстан халқы Ассамблеясы – 20 игі іс» атты республикалық патриоттық шеру Алматы қаласынан қасиетті Әулиеата жеріне жол тартты. Алматыдағы Достық үйінде өткен шараға қаладағы түрлі этномәдени бірлестіктердің өкілдері, Ұлы Отан соғысының ардагерлері, мемлекеттік емес қоғамдық ұйымдардың белсенділері мен жоғары оқу орындарының жастары жиналды. Татулық пен достықтың киелі шаңырағына айналған Достық үйінде Қазақстанды мекен еткен әр ұлт өкілдерінің мәдени-шығармашылық көрме-лері қойылып, ұлттар достығын насихаттайтын театрландырылған шаралар ұйымдастырылды. – Ақпан айының соңында біз өзіміздің шығысқазақстандық әріптестерімізден Тайқазанды салтанатты түрде қабылдап алған болатынбыз. Және осы Қазақстан халқы Ассамблеясы құрылған күн – 1 наурызда, Ассамблеяның алғашқы сессиясы өткен қала – Алматының атқарған игі істерін Жамбыл облысына табыстап отырмыз, – деді Алматы қалалық Қазақстан халқы Ассамблеясы төрағасының орынбасары Майра Абдалиева. Шарада қалада орналасқан 34 этномәдени бірлестіктің өнерпаздары дайындаған концерттік кеш пен Ұлы Отан соғысы ардагерлеріне арнайы жасалған тарту-таралғылар, әлеуметтік аз қамтылған отбасы мүшелеріне жасалған жәрдем мен жастар ұйымының Қазақстан халқы Ассамблеясы тарапынан халыққа көрсетіліп отырған қызметін баяндайтын сахналық көріністер, ұлттық ән-би мен қолөнер шеберлерінің бұйымдары ұсынылды.

**Қанат ЕСКЕНДІР**

# ИНТЕРНЕТ-РЕСУРСЫ

BNEWS KZ

http://bnews.kz/kk/news/post/255912/



**1 наурыз күні Қазақстан халқы Ассамблеясының 20-жылдығы күні алматылық филиал «Тайқазан» эстафетасын Жамбыл облысына тапсырды, деп хабарлайды BNews.kz**

«Қазақстан халқы Ассамблеясы – 20 мейірімді іс» республикалық акциясының символы халық бірлігі мен берекесінің белгісі «Тайқазан» саналады. ҚХА жылы осы «Тайқазан» әлеуметтік маңызды жобалар мен қайырымдылық шараларын өткізуді білдіреді.

BNEWS KZ

http://bnews.kz/ru/news/post/255900/

# Алматы передал символ эстафеты АНК «Тайказан» в Жамбылскую область



АЛМАТЫ. 2 марта 2015, 10:32. BNews.kz

**1 марта в день 20-летия Ассамблеи народа Казахстана алматинский филиал передал эстафету «Тайказан» в Жамбылскую область, передает BNews.kz.**

Символом республиканской акции «Ассамблея народа Казахстана - 20 добрых дел» является «Тайказан», как признак единства и благополучия народа. В Год АНК именно «Тайказан» будет означать проведение социально-значимых проектов и благотворительных мероприятий.

«27 февраля мы отправились в ВКО г. Усть-Каменогорск, где нам был передан «Тайказан». 1 марта мы передали его в АНК Жамбылской области, дата передачи символа 20-летия АНК выбрана не случайно - это день создания Ассамблеи и первая сессия АНК прошла в Алматы. Мы вложили в

«Тайказан» сверток со списком 20 дел по Алматы и передали его в Ассамблею Жамбылской области, к тому же, были вручены ленты АНК ровесникам Ассамблеи и Конституции, а они в свою очередь, поздравили ветеранов ВОВ с 70-летием Победы. Ветеранам мы подарили сотовые телефоны. Год АНК пройдет под эгидой социально значимых и благотворительный мероприятий, будет оказана поддержка нуждающимся семьям и ветеранам», - сообщила руководитель Секретариата АНК г.Алматы, заместитель председателя АНК Алматы Майра Абдалиева.

В состав АНК г.Алматы входят 34 этнокультурных объединений, которые занимаются вопросами образования, развития национальных культур, традиций, языков и играют ключевую роль в формировании межкультурного разнообразия и укрепления межэтнических отношений.

В мероприятии приняли участие депутаты Мажилиса парламента РК, депутаты маслихата г.Алматы, представители городского филиала партии «Нур Отан», республиканские и городские этнокультурные объединения, ветераны Великой Отечественной войны, научно-экспертная группа АНК Алматы, Советы общественного согласия районов, Клуб журналистов, Советы матерей при АНК г.Алматы, молодежные организации, жители города, студенты, представители СМИ.

Напомним, 1 марта 1995 года Президентом РК Н.А.Назарбаевым был подписан Указ «Об образовании Ассамблеи народа Казахстана» - уникального института, призванного сохранять мир и согласие в обществе. Именно в Алматы прошла первая сессия АНК. Сегодня Ассамблея народа Казахстана - это надежный, прочный фундамент стабильности и общественного согласия, а модель межэтнической толерантности и общественного согласия Нурсултана Назарбаева стала «визитной карточкой» Казахстана.

**Жанар КОМБАЕВА, фото Руслана КАНАБЕКОВА**

kazinform
қазақша qazaq русский english 中文
Международное Информационное Агентство

http://www.inform.kz/kaz/article/2751189

# Алматылықтар «ҚХА - 20 игілікті іс» акциясының символын Жамбыл облысының делегациясына табыстады




АЛМАТЫ. ҚазАқпарат - Бүгін Алматыда «Қазақстан халқы Ассамблеясы - 20 игілікті іс» республикалық акциясының символы - тайқазанды Алматы қаласынан Жамбыл облысына табыстау бойынша салтанатты шара өтті.

Аталмыш тайқазан Шығыс Қазақстан облысынан Алматы қаласына осыдан бірнеше күн бұрын, 28 ақпанда жеткізілген болатын.

Бүгін Алматы қаласы әкімдігінің ішкі саясат басқармасының басшысы Санжар Боқаев ұлтаралық татуластық символын Жамбыл облысының делегациясына табыс етті.

«2015 жыл - біз үшін ерекше жыл. Өйткені биыл бірқатар ірі көлемді мерейтойларды атап өтеміз. Мен әрине, бірінші кезекте Ұлы Отан соғысы ардагерлерінің алдында басымды иемін. Олардың ерлік істері біз үшін қашанда үлгі. Сондай-ақ қаламызда ұлтаралық татулықты нығайту жолында қажырлы еңбек етіп келе жатқан жергілікті этномәдени бірлестіктердің жетекшілеріне де алғысымды білдіремін. Елбасы Нұрсұлтан Назарбаевтың құрған ұлтаралық келісім үлгісінде Алматының алар орны ерекше», - деді С.Боқаев.

Алматылықтардың қолынан тайқазанды алып жатып, Жамбыл облысы әкімінің орынбасары Тимур Жанке ҚХА символын дәл бүгін алу - ерекше қуанышты жәйт екендігін атап өтті.

«Өйткені, Елбасы 1995 жылы 1 наурызда Қазақстан халқы Ассамблеясын құру туралы жарлыққа қол қойды. Ұлы Отан соғысы ардагерлеріне, тыл еңбеккерлеріне, сондай-ақ көмекке мұқтаж отбасыларына қашанда қолдау көрсетіп отыру - Жамбыл облысы әкімдігінің атқарып жатқан басымды шараларының бірі. Біздің басты мақсатымыз - сүйікті Отанымызда бейбітшілік пеп өзара келісімді сақтауға күш салу», - деді Т.Жанке.

Салтанатты шара барысында «20 игілікті іс» атты театрландырылған қойылым сахналандырылды. Оның соңы концерттік бағдарламаға ұласты. Сонымен қатар осы шара аясында «Достық үйінде» этномәдени бірлестіктердің қолөнер бұйымдарының көрмесі өтті. Ал бүгінгі салтанатты рәсімге қатысқан Ұлы Отан соғысы ардагерлеріне, ата-аналарының қамқорлығынсыз қалған және көп балалы, әлеуметтік аз қамтылған отбасылардың балаларына сый-сыяпаттар көрсетілді.

қазақша qazaq русский english قازاقشا 中文
kazinform Международное Информационное Агентство

http://www.inform.kz/rus/article/2751167

# Алматинцы передали Жамбылской области Тайказан - символ эстафеты «АНК - 20 добрых дел»




АЛМАТЫ. КАЗИНФОРМ. - В Алматы состоялось торжественное мероприятие по передаче символа республиканской акции «Ассамблея народа Казахстана -20 добрых дел» «Тайказан» из города Алматы в Жамбылскую область.

28 февраля в Алматы прибыл символ «Тайказан» из Восточно-Казахстанской области. Сегодня руководитель управления внутренней политики акимата Алматы Санжар Бокаев передал «Тайказан» делегации Жамбылской области.

«Этот год особенный для нас, он будет богат на события, юбилеи и даты. Я хочу низко поклониться ветеранам войны, сказать спасибо руководителям этнокультурных объединений, которые вкладывают много сил для того, чтобы наш город был единым монолитом в модели межэтнического согласия, созданной Главой нашего государства», - сказал С.Бокаев.

Принимая от алматинцев символ «Тайказан», заместитель акима Жамбылской области Тимур Жанке подчеркнул, что для них особенно отрадно получать символ АНК именно в этот день. 1 марта 1995 года Главой государства был подписан Указ об образовании АНК.

«Жамбылская область всегда старается поддерживать ветеранов войны, участников трудового фронта, а также семьи, нуждающиеся в помощи. Надеюсь, наши с вами дела лягут в общую копилку «Тайказана» и внесут огромный вклад в дело. Наша цель - это сохранение мира и согласия на

нашей земле», - сообщил Т.Жанке.

В ходе торжественного мероприятия прошло театрализованное представление «20 добрых дел», концертная программа и выставка ремесел этнических культур. Ветеранам войны, детям, оставшимся без попечения родителей, из многодетных, малообеспеченных семей вручили памятные подарки.